

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы № 315 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 тамызда № 3840 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қазандағы № 272 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 19.10.2017 № 272 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Танагузовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Тұрғымбеков

Түлкібас ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 16 тамыздағы
№ 315 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 29.05.2017 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде
		жергілікті бюджет есебінен
1	6321	6321

Жан басына шаққанда қаржыландырудың мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 29.05.2017 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Барлығы	Айына бір тәрбиеленушіге кететін шығыс, айлық есептік көсеткіш, теңге (көп емес)				
	Балабақша, бөбекжай 60 балаға дейін	Балабақша, бөбекжай 60 баладан 175 балаға дейін	Балабақша, бөбекжай 175 баладан жоғары	Мектеп жанындағы шағын орталық (толық күндік)	Мектеп жанындағы шағын орталық (жартылай күндік)
	28 000	23 200	19 300	18 054	7 304

Ескерту: Ғимараттар мен құрылымдардың ағымдағы жөндеу жұмыстарына және материалдық техникалық базаны нығайтуға шығындар бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығынға қоса есептелмейді.

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Баланың жас ерекшеліктеріне қарай	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
		3 жасқа дейін
	3 жастан 7 жасқа дейін	318,6

Ескерту: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын нақты жұмыс күніне есептеледі.